

«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ  
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»  
КОММУНАЛДЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ  
«УЧЕБНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР  
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ  
АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ»

080012, Таразқаласы, Х.Бектұрғанов көшесі, 6,  
тел. факс:8)7262) 45-47-73

080012, город Тараз, ул. Х.Бектурганова, 6  
тел. факс:8)7262) 45-47-73

11.02.2025 ж. № 01-03/194

Жамбыл облысы әкімдігінің  
білім басқармасының  
аудандар мен Тараз қалалық  
білім бөлімдерінің басшыларына

Білім басқармасына қарасты  
мекемелердің директорларына

## АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

Жамбыл облысы әкімдігі білім басқармасының оқу-әдістемелік орталығы 2025 жылдың 28 ақпан күні «**Функционалдық сауаттылық: мәселелер және шешу жолдары**» тақырыбында облыстық ғылыми-практикалық конференция өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Конференцияның мақсаты – жаратылыстану-математикалық, қоғамдық-гуманитарлық бағыттарындағы пәндер бойынша функционалдық сауаттылық тапсырмаларын оқу процесіне тиімді енгізу жолдарын анықтау, педагогтердің кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру және әдістемелік негіздерін қалыптастыру.

Конференцияның мақсатты аудиториясы: жоғары оқу орындарының ғалымдары, оқытушылары, аудандар мен Тараз қалалық білім бөлімінің әдіскерлері, білім беру ұйымдарының педагогтері.

**Конференция 11 секция бойынша ұйымдастырылады:**

- 1) «Бастауыш сынып пәндерін интеграциялау арқылы функционалдық сауаттылықты дамыту жолдары» (бастауыш сынып);
- 2) «Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу сауаттылығын дамыту: теория және тәжірибе» (қазақ тілі мен әдебиеті);
- 3) «Проблемы формирования функциональной грамотности: теория и практика» (орыс тілі мен әдебиеті);
- 4) «Ағылшын тілі сабағында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту: тәжірибе және мүмкіндіктер» (ағылшын тілі);

5) «Тарих пәні мұғалімдерінің шығармашылық шеберханасы: Тәжірибе. Инновациялар. Перспективалар» (тарих);

6) «Функционалдық сауаттылық: уақыт талабы және тиімді тәжірибе» (математика);

7) «Физика және цифрлық трансформация: жаңа дәуірде функционалды сауатты тұлға қалыптастыру» (физика);

8) «География пәнін оқытуда білім алушылардың жаратылыстану сауаттылығын арттыруда тиімді әдіс-тәсілдерді қолданудың жолдары» (география);

9) «Химия пәнінде функционалдық сауаттылықты дамыту: инновациялық әдіс-тәсілдер мен білім беру стратегиялары» (химия);

10) «Биология пәнін оқытуда геймификация, STEM әдістерін қолданудың ерекшеліктері» (биология);

11) «Қазіргі білім беру жүйесінде ЖИ және функционалдық сауаттылықты үйлестіру: теория мен тәжірибе» (информатика).

**Конференцияның өткізілетін орны:** Тараз қаласы, №66 орта мектебі (Тараз қаласы, «Бәйтерек» мөлтекауданы, №44), мәжіліс залы (пленарлық, секция отырыстары).

**Конференция тілі:** қазақ, орыс.

**Мақала (жұмыс) авторларына қойылатын талаптармен** танысу қажет (қосымша 1).

Конференцияға қатысу туралы өтінімді және ғылыми мақалаларыңызды төменде берілген үлгіге сәйкес (қосымша 2) **2025 жылдың 17 ақпанына дейін** ұйымдастыру комитетінің [m.torebekkyzy@yandex.kz](mailto:m.torebekkyzy@yandex.kz) (бастауыш сынып, қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер), [asyzdyqova@yandex.kz](mailto:asyzdyqova@yandex.kz) (жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер) электрондық пошталарына жіберу қажет.


Конференцияның толық бағдарламасы өтініштер мен баяндамаларды, жұмыстарды (педагогикалық идеялар (TEDx форматта), білімдік жобалар, ЖИ, цифрлық платформалармен жұмыс, панорамалық сабақ, шеберлік сынып, авторлық бағдарлама, тренажерлермен жұмыс және т.б.) қабылдағаннан кейін әзірленеді. Конференция тақырыбына және ресімдеу талаптарына сәйкес келмеген жұмыстар, мерзімінен кеш келген жұмыстар рецензияланбайды, қабылданбайды.

**Ұйымдастыру комитетінің байланыс телефондары:** (7262) 45-07-88, 87713356234, 87059057959.

Конференция жұмысына әр ауданнан және Тараз қаласынан әр секция бойынша 11 жұмыстан, білім басқармасына қарасты мекемелерден 5 жұмыс электронды түрде ұсынылуы қажет.

Қосымша: 2 бет.

**Басшы**



**Ш.Усерова**